

Бірінші тарау

Әлемнің жаратылуы

¹ Эуел баста Құдай көк пен жерді жаратты. ² Ал жер қалай болса солай ретсіз орналасып, тіршіліксіз, қанырап бос түрді, суға толы тұнғиықтың үсті қара түнек еді. Ал Құдайлдың Рухы сол судың бетінде қалықтап ұшып жүрді.

³ Сонда Құдай: «Жарық болсын!» — деді. Сейтіп жарық болды. ⁴ Құдай жарықтың жақсы екенін көрді. Содан кейін Ол жарықты қара түнектен беліп, ⁵ жарықты құн, ал қара түнекті түн деп атады. Кеш батып, таң атты, бұл бірінші құн еді.

⁶ Содан кейін Құдай: «[Айнала тұманданып тұрган] суды ортасынан бөліп тұратын ауа кеңістігі болсын», — деді. ⁷ Сейтіп, Құдай ауа кеңістігін жасап, оның астындағы суды үстіндегі судан бөлді. Бұл осылай болды да. ⁸ Құдай осы ауа кеңістігін аспан деп атады. Кеш батып, таң атты, бұл екінші құн еді.

⁹ Соңан соң Құдай: «Құрлық көрініп тұруы үшін, аспан астындағы су бір жерге жиналсын», — деді. Бұл осылай болды да. ¹⁰ Құдай құрлықты жер, ал жиналған суды теңіз деп атады. Құдай жасаганына қарап, жақсы екенін көрді.

¹¹ Содан кейін Құдай: «Жер есімдіктерді: тұқым шашатын есімдіктер мен дәнегі бар түрлі жеміс ағаштарын

өсіріп шыгарсын», — деді. Бұл осылай болды да. ¹² Сейтіп жер өсімдіктерді: түрлеріне қарай тұқым шашатын өсімдіктер мен дәнегі бар жеміс ағаштарын өсіріп шыгарды. Құдай жасаганына қарап, жақсы екенін көрді. ¹³ Тағы да кеш батып, таң атты, бұл үшінші күн еді.

¹⁴ Соナン соң Құдай: «Аспанда күндіз бен тұнді бірбірінен ажырататын, күндер мен жылдарды белгілейтін жарықтар орнасын. ¹⁵ Олар жерге жарық шашатын аспандығы шырактар болсын», — деді. Бұл солай болды да. ¹⁶ Құдай жарық беретін үлкенірегі күндізгі, кішірегі тұнгі уақытты билеп тұратын екі үлкен аспан денесін, сонымен қатар жүлдіздарды да жаратты. ¹⁷ Сейтіп, жерге жарық түсіріп, күндіз бен тұнді билеп, жарықты қарангыдан ажырату үшін, ¹⁸ Құдай оларды аспан әлеміне орналастырды. Құдай мұның да жақсы екенін көрді. ¹⁹ Тағы да кеш батып, таң атты. Бұл төргінші күн еді.

²⁰ Соナン соң Құдай: «Теніздер мен қөлдер, өзендер су жәндіктеріне толсын, жер бетінде қалықтаған құстар аспан әлемінде самғап үшсын», — деді. ²¹ Сейтіп Құдай суды мекендейтін альп жануарларды, басқа да суда қаптап журген жануарлар мен жәндіктердің барлық түрін, сонымен бірге қанаттылардың да барлық түрін жаратты. Құдай жасаганына қарап, жақсы екенін көрді. ²² Құдай оларға батасын беріп тұрып: «Өсіп-өніп, көбейіндер, теніздерді

толтырындар, құстар да жер бетінде көбейсін», — деді.

²³ Тағы да кеш батып, таң атты. Бұл бесінші күн еді.

²⁴ Сонан соң Құдай: «Жер жануарлар мен жәндіктерді: малды, бауырымен жорғалаушыларды және жабайы андарды түр-түрімен шығарсын», — деді; ол солай болды да.

²⁵ Сейтіп, Құдай жабайы андарды, малды және бауырымен жорғалаушыларды түр-түрімен жаратты.

Құдай жасаганына қарап, жақсы екенін көрді.

²⁶ Сонан соң Құдай: «Біз Өзімізге [рухани жағынан] ұқсас адамдарды жаратайық. Олар теңіздегі балықтарға да, аспандагы құстарға да, малға да, жабайы аңға да, жер бетінде жорғалап жүрген барлық жануарларға да иелік етсін», — деді.

²⁷ Сейтіп Құдай адамды [рухани жағынан] Өзіне ұқсас етіп, бірін ерек, бірін әйел қызып жаратты.

²⁸ Құдай оларға батасын беріп: «Өсіп-өніп, көбейіндер! Үрпақтарың жайылып, жер бетін толтырындар, оны өздеріңе бағындырып, теңіздегі балықтарға, аспандагы құстарға және жер бетіндегі барлық жануарларға иелік етіндер!» — деді.

²⁹ Содан кейін Құдай: «Мен сендерге жер бетіндегі тұқым шашатын өсімдіктер мен дәнегі бар жеміс ағаштарын түр-түрімен бердім, бұлар сендерге тамақ болсын.

³⁰ Ал жер бетіндегі барлық андарға, аспандагы барлық құстарға және бауырымен жорғалаушылар — бойында тіршіліктің лебі бар жануарлардың бәріне — Мен барлық көк шөптерді корек етуге беремін», — деді. Сейтіп бұл солай болды да.

³¹ Құдай Өзі жасаганың бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді. Тағы да кеш батып, таң атты. Бұл алтыншы күн еді.

Екінші тарау

¹ Осылай аспан мен жер және оларға қатысты барлық белшектер толықтай жаратылды.

² Құдай жүргізген жарату жұмысын аяқтаған соң, жетінші күні демалды. ³ Ол жетінші күнге батасын беріп, оны қасиетті деп жариялады, өйткені Ол бұл күні Өзінің жарату жұмысының бәрін бітірген соң, демалды.

Адам ата мен Хая ананың жаратылуы

⁴ Бұл жерде көк пен жердің жаратылғаннан кейінгі тарихы туралы сез болады:

Құдай Ие жер мен көкті жаратқанда, ⁵ жер бетінде әлі даладағы бұталар мен есімдіктер еспеген еді, себебі Құдай Ие жерге әлі жаңбыр жауғызбаган еді; жерді өндейтін адам да жоқ болатын. ⁶ Ал жер бетінен бу көтеріліп шығып, бүкіл даланы суландырды. ⁷ Сонда Құдай Ие топырақтан адам жасап, оның мұрнына тіршіліктің лебін жіберді. Сөйтіп адам тірі жан бол шыға келді.

⁸ Құдай Ие шығыста, Едем деген жерге пейіш бағын орнатып, соган Өзі жасаған адамды орналастырды. ⁹ Соңан соң Құдай Ие кез тартарлық, жеуге жақсы жемістер беретін түрлі ағаштарды жерден есіріп шығарды. Бақтың оргасына Ол мәңгілік өмір сыйлайтын ағашты әрі жақсылық пен жамандықты танытатын ағашты да екти.

¹⁰ Едемнен бақты суландыратын үлкен өзен ағып жатты, ол ары қарай төрт өзенге бөлініп кететін. ¹¹ Біріншісі Пишон деп аталады, ол алтын шығатын Хауила деген елді айналып агады. ¹² Сол жердің алтыны ерекше бағалы; хош иісті шайыр мен оникс деген асыл тас та ол жерден шығады. ¹³ Екінші өзенді Гихон деп атайды, ол Құш деген елді айналып агады. ¹⁴ Үшінші өзеннің аты Тигр, ол Ассирияның шығысында. Төргінші өзен — Ефрат.

¹⁵ Сөйтіп Құдай Ие пейіш бағын өндеп, күтіп бақсын деп адамды сол жерге орналастырды. ¹⁶ Құдай Ие адамға: «Саган бақтағы барлық ағаштың жемісін жеуге болады.

¹⁷ Бірақ сен жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің, себебі оны жесен сен өлесің^{*}», — деп бұйырды.

¹⁸ Содан кейін Құдай Ие: «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас, Мен оған өзі сияқты біреуді жасап берейін», — деді.

¹⁹ Ал Құдай Ие жердегі барлық жануарлар мен жәндіктерді және аспандағы барлық құстарды топырактан жасап, оларды қалай атайтынын білу үшін, адамға алып келді. Адам оларға қандай ат қойса, олар солай аталатын болды.

²⁰ Сейтіл адам барлық малға, жабайы анға және аспандағы құсқа олардың өз аттарын қойды.

Алайда Адамға өзі сияқты ешкім де табылмады. ²¹ Сонда Құдай Ие адамды терең үйқыға батырды да, ол үйқытап жатқан кезде оның бір қабыргасын алып, орнын етімен жауып қойды. ²² Сонан соң Құдай Ие жаңагы алынған қабыргадан әйел жасап, оны адамға алып келді.

*¹⁷ «Өлу» деген сөздің Киеle кітапта екі мағынасы бар: 1. Адамның физикалық түрғыдан елтуін, оның бұл дүниедегі өмірін өліммен аяқтауга тиіс болуын билдіреді. 2.Рухани өлім адамның Құдаймен байланысын үзіп, Құдайдың қасынан аластатьлуын көрсетеді.

²³ Сонда адам: «Бұл — менің сүйегімнен шыққан сүйек, етімнен шыққан ет, ол әйел^{*} деп аталсын, себебі ол еркектен алынып жасалған», — деді. ²⁴ Сондықтан еркек әкешешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі бір адам болады.

²⁵ Адам мен оның әйелі жалаңаш еді, алайда олар бір бірінен ұялған жоқ.

Үшінші тарау

Адамның күнәға батуы

¹ Құдай Ие жаратқан жабайы хайуанаттардың ішіндегі ең күң жылан еді. Ол әйелден:

— Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың да жемісін жемендер деп шынымен айтты ма? — деп сұрады. ² Әйел жыланга:

— Жоқ, Бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. ³ Бірақ Құдай: Сендер бақтың ортасында тұрган ағаштың жемісін жемендер, тіпті оған тиіспендер, әйтпесе сендер өлесіндер деп айтқан болатын, — деп жауап берді.

⁴ Сонда жылан әйелге:

— Жоқ, тіпті де олай емес, сендер өлмейсіндер.

⁵ Бірақ сендер осы жемісті жеген заматта көздерің ашылып, ненің жақсы, ненің жаман екенін айырып, Құдай сияқты болатындарынды Құдай жақсы біледі, — деді.

⁶ Әйел ағаштың қасына барып, жемісінің жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін, сонымен қатар өзін ақылды етуге қызықтырып тұрганын көрді де, жемісті алып жеді, оны қасындағы күйеуіне де берді, ол да жеді. ⁷ Сол кезде екеуінің де көздері ашылып, өздерінің жалаңаш екенін білді. Олар інжір жапырақтарын біріктіріп тігіп, алжап-қыштар жасады.*

*²³ Көне еврей тілінде «әйел» деген сөз «еркек» деген сөзден күрьылған.

*⁷ Олар өздерінің жалаңаш тәндерін, сонымен бірге өздерінің күнәлі екендерін жасырығысы келді.

⁸ Олар күннің ыстығы қайтқан кезде бақтың ішімен Құдай Иенің келе жатқанын естілі. Сонда Адам мен оның әйелі Құдай Иенің көзіне түспей, бақтағы ағаштардың арасына жасырынып қалды. ⁹ Алайда Құдай Ие адамды дауыстап шакырып:

— Сен қайдасын? — деді. ¹⁰ Сонда адам:

— Мен Сенің бақта жүргенінді естіп, корқып кеттім. Себебі мен жалаңаштың, сондықтан мен жасырынып қалдым, — деді. ¹¹ Құдай Ие адамнан:

— Саган сені жалаңаш деп кім айтты? Элде Мен жеуге тыйым салған ағаштың жемісін жедің бе? — деп сұрады.

¹² Сонда адам:

— Қасыма Өзің жіберген әйел маган сол ағаштың жемісін берді, мен жеп қойдым, — деді. ¹³ Құдай Ие әйелден:

— Сен неге олай істедін? — деп сұрады. Эйел:

— Мені жылан азғырган соң жеп қойдым, — деді.

¹⁴ Сонда Құдай Ие жыланға былай деді:

— Осылай істегениң үшін барлық мал мен жабайы андардың ішіндегі сені қарғыс атсын! Сен өмір бақи жер бауырлап, топырак жеп өт! ¹⁵ Сені және әйелді, сенің үрпағың мен оның үрпағын араз етіп қоямын. Эйелдің үрпағы сенің басынды мыжиды, сен оның өкшесін шағасын.*

¹⁶ Ал әйелге Құдай былай деді:

— Сен екіқабат болып жүргендеге жағдайынды ауырлатамын, қиналышпосанатын боласын. Күйеуіңе құштар боласын, ол сені билейтін болады.

¹⁷ Адамға Құдай Ие былай деді:

— Эйеліңің тілін алып, Мен тыйым салған ағаштың жемісін жегенің үшін, сенің кесіріңнен жерді қарғыс атсын. Сен тамагынды өмір бақи көп бейнет көріп, жерден тауып жейтін боласын. ¹⁸ Жерде тікен шөпттер мен ошаган қауларап өссін, сен даланың өсімдігімен тамақтанатын боласын.

*¹⁵ Бұл болашақты алдын ала білдіретін сөздің екі магынасы бар: Хая ағана күнәға батқаннан бастап оның үрпағы жыланмен жауласып келеді. Бірақ сол кезден бірнеше гасырлар еткен соң әйелдің Үрпағы (пәк қызы Мәриямның Ұлы) Иса Мәсіх шайтан билеген адамдардың колынан өлгенде-ақ шайтанды біржолата жеңіп шыққан болатын. Жохан 12:31-32-ге караңыз.

¹⁹ Сен өзің жаратылған жерге қайта кіргенше, жейтін наныңды мандай терінді төгіп жүріп табатын боласың. Өйткені сен топырақсың және қайта топыраққа айналасың.

²⁰ Адам өзінің әйелін Хая^{*} деп атады. Себебі ол барлық өмір сұрушілердің анасы болатын болды.

²¹ Ал Құдай Ие Адам мен оның әйеліне аның терісінен киім жасап, оларды киіндірді. ²² Сонан соң Құдай Ие былай деді: «Міне, адам ненің жақсы, ненің жаман екенін біліп, Біз сияқты болды. Енді ол қолын созып, мәнгілік өмір беретін ағаштың жемісін алып, жеп қойып, мәнгі өмір сүріп жүрмесін.*

²³ Сейтіп Құдай Ие адамды өзі жаратылып шыққан топырақты өндесін деп, Едем бағынан қуып шықты.

²⁴ Адамды бактан қуып шыққаннан кейін, Едем бағының шығыс жағына мәнгілік өмірді сыйлайтын ағашқа аппаратын жолды күзету үшін керуб^{*} деген перштегер мен жүзінен от шашып жарқылдаپ тұрган бір семсерді қойды.

Киелі Кітап

*Таураг, Забур және
Інжілден алынған таңдамалы
жазбалар*